



**Бұрғамбаева
Қарлығаш
Нұрғалиқызы
Мектепалды сынып
мұғалімі**

Қазіргі таңда заманауи ортаға постиндустриальді әлемде болып жатқан өзгерістерге жылдам бейімделе алатын адамдар қажет. Қазіргі уақытта объективті тарихи заңдылықтардың бірі ол адамның білімділік деңгейіне деген талаптарды жоғарылату.

Осыған орай, құрметті әріптестер тәрбиелілік, оқу, заманауи өзгерістерге сәйкес даму, ішкі ортаға тез сіңіп кету және оған қызмет етуге жылдам бейімделу деген сияқты қабілеттерді оқушылардың бойына сіңіру жауапкершілігі артылған. Осы аталған қабілеттерді бойына сіңірген оқушы *функционалды сауатты* оқушы болып есептеледі.

Оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін ұстаздың алдына келесідей міндеттемелер қойылады: оқу, шығармашылық, көркем-өнерпаздық, еңбек, спорттық әрекеттерде дербестік қалыптастыру; мақсатына қол жеткізіп, еңбек сүйетін салауатты өмір салтына ұмтылып өзінің іс әрекетін жоспарлай алатын оқушыны тәрбиелеу.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың төрт механизмі

Бірінші -оқыту әдіснамасы мен мазмұнын
түбегейлі жаңарту (мемлекеттік стандарт)

Екінші- оқу нәтижелерін бағалау жүйесін
өзгерту.Іштей бағалау-оқу пәні бойынша, ал
сырттай бағалау(ҰБТ,ОЖСБ халықаралық
TIMSS, PISA және PIRLS)

Үшінші-балаларды оқыту мен тәрбиелеуге
ата-аналардың белсенді қатысуы.

Төртінші – қосымша білім беру жүйесін
дамыту

Мектеп тәжірибесінде нәтижелі, әдістемелік ұсыныстардан тұратын сындарлы оқытудың (бағдарламаның) жеті модулі:

- оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер қолдану;
- сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
- оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;
- оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- дарынды және талантты балаларды оқыту;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;
- оқытудағы басқару және көшбасшылық.

**Функционалдық сауаттылықты мен
қалай түсінемін?**

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

Халықаралық салыстырмалы зерттеулер

- **TIMSS**

Математикалық және жаратылыстану білімді бағалау бойынша Халықаралық зерттеу

PISA

Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша Халықаралық зерттеу

PIRLS

Мәтінді оқу және түсіну сапасы бойынша Халықаралық зерттеу

- **TALIS**

Мектептегі тәжірибе кезеңі барысында мектептің барлық мұғалімдерінің арасында ЭЫДҰ әзірлеген **TALIS** сауалнамасы жүргізіледі

•PISA зерттеуінің мақсаты:

- 15 жасқа толған жалпы орта мектептер мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану салалары бойынша функционалдық сауаттылығын бағалау.

• TIMSS зерттеуі

Бастауыш және негізгі мектептің математикалық және жаратылыстану білім сапасын бағалау (4, 8 сынып).

Неге 4 және 8 сынып оқушылары тандалған:

Мектеп оқушыларының оқудың әр түрлі деңгейдегі білім жетістіктерін салыстыру:

4 сынып – бастауыш деңгейден негізгі деңгейге өту;

- 8 сынып – негізгі деңгейден орта деңгейге өту.

TALIS сауалнамасының мақсаты: Мектептегі тәжірибе кезіндегі тапсырмаларды орындау.

Міндеттер:

1. Мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін зерделеу
2. Мұғалімдердің біліктілікті арттыру курстарынан өту деңгейін анықтау.
3. Мұғалімдердің өз-өзіне деген сыни рефлексиялық көзқарасын қалыптастыру.
4. Мұғалімдердің қызметін бағалау.
5. Мұғалімдердің ұстанымдары мен көзқарастарын анықтау арқылы, мектептің даму жоспарының басымдылықтарын айқындау.
6. Мұғалімдердің оқушылармен қарым-қатынастарын анықтау.
7. Оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты жандандыру.